

Материалы международной научно-практической конференции, посвященной 130-летию С.Сейфуллина = С.Сейфуллиннің 130 жылдығына арналған халықаралық ғылыми - практикалық конференциясының материалдары. - 2024. – Б.IV. - Б. 68-71.

ӘОЖ 323.329:950 (574)

ДІНМҰХАМЕД АХМЕТҰЛЫ ҚОНАЕВ – МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ

*Русланұлы Е. , 1 курс
студенті*

*С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу
университеті Астана қ.*

Қазақта «пірге қол тапсырған» деп ырым қылып айтатын сөз бар. Бұл өзі біреуді жақсы етіп көрсетіп, жақсылығын асырып, жақсы атын шығару үшін айтылатын жақсы жоралғы. Жақсы ісімен көрініп, жақсы аты шығып, жүрген, өзінің алдыңғы жақсылармен жанасқан, солардың сөзін тыңдап, сарқытын ішкен ақылын алған, үлгі тұтқан тұлға әдетте «пірге қол тапсырған» болып есептеледі. Ондай адамдарды жақсылардың жалғасы, қасиет қонған адам деп біліп, пір тұтады. «Пір» деген сөздің түп атасы не екенін, қайдан қалай шыққанын дәл басып айту қиын. Бірақ «Менің пірім Сүйінбай» деп Жамбыл бабамыз айтқандай, әркімнің әр ұрпақ, әр халықтың үнемі сыйынып жүретін өз пірі, ерекше құрметтеп айта жүретін, қысылғанда содан іштей ақыл сұрап жалбарынатын адамы, абыз тұтар абзал тұлғасы болады. Мұндай тұлғалар біздің қазақта да аз болмаған. Осындай тұлғалардың бірегейі - Қазақстан үшін аянбай қызмет етіп, халқының зор құрметіне бөленген аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев [1].

Ұлттың рухани ұстазы, ұлы Тұран перзенті Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев Алматы қаласында 1912 жылы 12 қаңтарда дүниеге келген. Орта мектепті бітіргеннен кейін, Мәскеудегі түсті металдар және алтын институтына түседі. 1936 жылы институтты бітіріп, тау-кен инженері мамандығын алған соң, Балқаш мыс қорыту комбинатының Қоңырат кеніне жұмысқа жіберіледі. Онда бұрғылау станогы машинасынан бастап, цех бастығы, кеніштің бас инженері, директоры болып жұмысын жасайды. Еңбек баспалдағы – Алтай металл комбинаты бас инженерінің орынбасары, техникалық бөлімінің бастығы болады. Риддер кенішінің және КСРО ірі қорғасын - мырыш кәсіпорындарының бірі Лениногор кен басқармасының директоры қызметін атқарады.

1942 жылы орда бұзған 30 жасында Республика Министрлер Кеңесі төрағасының орынбасары болып тағайындалды. Бұл жауапты міндетті 10 жыл мінсіз атқарады. Соғыс кезінде ол майдан қажетін қамтамасыз ететін жылу және басқа өнеркәсіп салалары жөніндегі мәселелермен айналысты. 1952 жылы Қазақ КСР Ғылым Академиясының президенті болып сайланады.

1955 жылы Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағалығына тағайындалады. 1960 жылдың қаңтарынан Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы болды. 1962 жылы желтоқсанда жоғарғы лауазымды қызметтен алынып, қайтадан Республика Министрлер Кеңесінің төрағалығына тағайындалады. 1964 жылы орталықта жағдайлар өзгереді де, Д.А. Қонаев қайтадан Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы болып сайланады.

Ұзақ жылдар бойы ол елдің жоғарғы билік тізгінін ұстағандардың бірі болды. Орталық Комитеттің Саяси Бюросының мүшесі ретінде мемлекеттің ішкі және саяси сыртқы саясаттарының мәселелерінің шешуге қатысады. Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев партияның аса көрнекті қайраткері ғана емес, ол ғылыми қызметпен де айналысты. Ол техника ғылымдарының докторы, Қазақ КСР Ғылым Академиясының академигі [2]. КПСС Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшесі, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Бірінші хатшысы Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев туралы жазылған естеліктер өте көп деп айтуымызға болады. Көз көріп, бірге қызмет істегендердің жазғандары «Естен кетпес ұлы есім», Кемеңгер Қонаев», және «Елу жыл ел ағасы» кітаптарына жинақталған. Д.А.Қонаев сол еңбектерінде Ж.Шаяхметов, П.К. Пономоренко, Л.И. Брежнев, И.Д. Яковлев, И.А. Юсуповтермен үзеңгілес жүріп, ел тағдырын қалай шешкендерін, өзі ширек ғасырға жуық республикада бірінші басшының ауыр жүгін арқалағанын, осынау жылдар бедерінде елдің әлеуметтік-экономикалық жағынан жоғары дамығанын, Одақтың тізгінін ұстаған адуынды Н.С. Хрущевпен арадағы келіспеушіліктің салдары мен себептерін егжей-тегжей баяндай келіп, Л.И. Брежнев, Ю.В. Андропов, К.У. Черненко, М.С. Горбачевтің мемлекет басқарудағы істеріне лайықты бағасын берген [3].

Д.А. Қонаев қазба байлықтарының арқасында республиканың деңгейін биікке көтерілетінін жақсы білді. «Республикамыз қарыштап, даму асқарынан асып, тағы да бір биік белеске көтеріледі» - деп әлденеше рет айтқан болатын. Ол Қазақстанның экономикасы мен мәдениетін шұғыл өрге бастыруға бағытталған сара жолының жүзеге асуын ұйымдастырушылардың бірі болды. Д.А. Қонаев өте сауатты басшы бола білді. Кез - келген мәселелерді шешуде батылдық пен көрегенділік танытты. XX ғасырдың 60-80 жылдар аралығындағы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жағдайы толығымен өзгертілді. Соғысқа дейінгі экономика өзінің жаңа қадамын бастады, сосын соғыс, ал соғыстан кейін барлық ресурстар КСРО –ның Батыс және Солтүстік бөлігіндегі қираған қалалар мен өнеркәсіп орындарын қалпына келтіруге жұмсалды. Қазақстан мен Орта Азия республикалары сол баяғы қалпында қалды.

60-80 жылдар аралығында Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы деңгейіне мына дәлелдер куә болды. Осы кезеңдер ішінде республиканың ауыр өнеркәсібі саласындағы ірі өнеркәсіп орындары жедел қарқынмен өсті. Қарағанды-Теміртау, Павлодар-Екібастұз, Жамбыл-Қаратау мен Шымкент-Кентау көмір металлургия кешендері құрылды. Қазақстан елімізге орасан зор мөлшерде болат, шойын, мыс, вольфрам, марганец,

қорғасын, мырыш, алтын тағы басқа да қазба байлықтарын тапсырды. Жаңа қалалар бой көтеріп, ауыл-село көріктендіріліп, сәнді де салтанатты мәдениет сарайлары, оқу орындары салынып, ғылым, денсаулық сақтау мекемелері жаңа техникалық жабдықтармен жабдықталды. Сөз жоқ, бұл зор жетістіктердің бәрі бір кісінің ғана сіңірген еңбегі ғана емес, осы бастамалардың бәрінің ұйымдастырушысы және басшысы Дінмұхамед Ахметұлы болғанын ұмытпауымыз қажет.

Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев - өз халқының болашағы үшін көп еңбек сіңірген адал ұлы. Өз ғұмырының 50 жылға жуық уақытында республиканың басқарушысы қызметінде болды, 5 жылында үкімет басқарды, 23 жылында Қазақстан Орталық Комитетінің Бірінші хатшысы болды. Қазақстанның жалпы әлеуметтік-экономикалық даму жолдары тың игеруден басталды. Бұл тек ауыл шаруашылығын ғана дамыту жылдары емес, сонымен қатар өндірістің өркендеуі, ауыл-селоларда, қалаларда құрылыс жұмыстарының қарқынды жүргізілуіне, халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайын түзетуге үлкен әсер еткен жылдар болды [4].

Қазақстан ғылымы ел экономикасы мен мәдениетін өркендетуде жаңа бағыттарға бет алды. Ғылыми мекемелер тізімі жаңадан ашылған институттар мен лабораториялардың есебінен ұлғая түсті, ал республика Ғылым академиясы ірі ғылыми орталыққа айналды. Міне осындай атқарылған игі істерді ұлт перзентінің – Д. Қонаевтың отандық ғылымға деген үлкен сүйіспеншілігі мен қамқорлығының ғана көрінісі емес, сол ғылымның жаңа биікке көтерілуіне сіңірген сара еңбегі деп бағалаймыз.

Республика ғылымын дамытуға қосқан үлесін бағамдауда академик Б.А. Төлепбаевтың пайымдауына жүгінсек: «Д.А. Қонаев ірі ғалым, әрі ғылымды білікті ұйымдастырушы ретінде Қазақстанның Ғылым Академиясының гүлденуіне көп еңбек етті. Оның басшылығымен ғылыми күштер мен материалдық ресурстар шоғырланған республика өндірістік күштерінің дамуының кешенді мәселелерін шешуде, сонымен қатар ұлт мәдениетінің көтерілуінде ғылыми мекемелердің жұмысы жандана түсті» [5]. Қазақстан Республикасының экономикалық мүмкіндігі, ғылым, мәдениеті жағынан өсімі бойынша іргелі Ресей, Украина республикаларынан кейінгі үнемі үшінші орынды иеленіп отырды. Міне, еліміздің осындай ауыз толтырып айтар күрделі де, қол жеткен табыстарына Димаш Ахметұлының жеке өз басының қосқан үлесі мол деп айта аламыз. Ол кісі еңбекқор еді. Нағыз адал, еркін еңбек қана халықтың тұрмысының жақсаруына игі ықпалын тигізері айқын. Егер елінде еңбек сіңірсең, елінде еленбей қалмасың анық. Сондай еңбекқор адам санатында көрінген оның еңбегін болашақта да елі қадірлемек. Дінмұхамед Ахметұлына байланысты айта кететін үлкен мәселе - қандай істе де жеңістің кілті – халықтар достығында, солардың бірлігі деп білетін.

Біздің республикамыз КСРО кезіндегі мемлекеттің арасындағы ең көп ұлтты мемлекет болғаны белгілі. Осыған орай Дінмұхамед Ахметұлына нағыз интернационалист деп атауға болады. Сол көп ұлтты мемлекетті басқаруда, көп ұлтты халықтардың басын құрауда, ол өзінің талаптарын қоя

білді. Осыған орай оның жемісін де көрді. Республикамыз іргелі мемлекеттер қатарына қосылуы халықтар достығында деп білемін. Бірлік, достық бар жерде жеңіс бар.

Дінмұхамед Ахметұлы туралы қазіргі айтылып та, жазылып та жүрген – мейлі мадақтау болсын - мұның бәрі сырттан тон пішу, топшылау ғана. Ол кісінің ашылмаған қыры да, сыры да көп. Ата – бабасы туралы ертеректе – белгілі ақын, қайраткер – жазушы Шона Смаханұлы деректі повесть жазғаны бар. Өзінің «Өтті дәурен осылай» деп аталатын естелік - эссесі толықтырылып, «Ақиқаттан аттауға болмайды» деген атпен қайта жарық көрді.

Кинорежиссер С. Әзімов төрт сериялы деректі фильмнің алғашқы екі сериясын жұртшылық назарына ұсынды. Халықаралық Қонаев қорының жүзеге асырып жатқан игі шаралары да аз емес. Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев Республика партия ұйымын басқарған ширек ғасырға жуық ішінде өзінің үлкен мәдениеттілігімен, иманжүзді ізеттілігімен, танылып, халық дәстүрін жақсы білетін, тағылымы терең, ой-өресі биік жан екенін көрсетті. Кейін мемлекет ісінен қол үзген кезде де ол білімдар білікті жан ретінде елде жүріп жатқан реформа бағыттарын, қоғамды демократияландыру қажет екенін терең түсініп, қолдай білді [6].

Дінмұхамед Қонаевтың үлкен жиындарда, кездесулерде айтқан, кітаптарында жазып қалдырған ойлары мен ақыл-кеңестері, тағылымы мол сөздері де аз емес. Тұлғаның әр жылдарда жарық көрген кітаптарынан мынадай керемет те, өнегелі сөзін келтіргім келеді. «Билікке көтерілдім, бірақ халықтан аласа екенімді ұмытпадым, қайтып ашар есігімді қатты жаппадым. Түптің түбінде оралар ортам - ел іші, ағайын ортасы. Басар жерім де, барар жерім де - қара жер. Қастерлей білсем, қадірімнің кетпесін білдім. Панаң да ел, данаң да ел. Соған арқа сүйедім, содан үйрендім» - деген екен.

Саналы ғұмырын туған халқына адал қызмет етуге арнаған Дінмұхамед Ахметұлы қазақ ұлтымен мәңгі бірге жасай бермек. Себебі азаматтықтың айнымас үлгісін көрсетіп, ұлтының мүддесін жеке басынан жоғары қоя білген тұлға мәңгілік халық жүрегінде сақталып қалары анық. Дінмұхамед Ахметұлының ғылыми еңбектерін, әдеби мұраларын жинақтап жариялау, ол кісінің өнегелі өмірін жастарымызға отаншылдық патриоттық тәрбие беру екендігін естен шығармағанымыз абзал.

Өмірде адамдардың қимайтын, сөзін жерге тастамайтын адамдары болады ғой, сондай адам Д. А. Қонаев дер едік. Ол – оның нені айтса да, соны орындаттыратын лауазымды орында отырғандығына байланысты абырой-атақ емес, керісінше жалғандық пен пендешілікке бой алдырмаған, бүкіл халықтың сүйіспеншілігіне ие болған адамның іс-өнегесінен туындайтын шынайы шындық.

Ғылыми жетекшісі: тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор м.а., Джумалиева Л.Т.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Айтмағанбетов, Е. (2011). Көпке танымал көсем болған. *Ақиқат*, (8), 35.
- 2 Федор, Дж. (2012). *Russia and the Cult of State Security: The Chekist Tradition, From Lenin to Putin*. [Питер](#).
- 3 Арыстанов, Ж. (2011). Қонаев және Желтоқсан оқиғасы. *Ақиқат*, 11, 33.
- 4 Әбдірайымұлы, С. (2004, 25 тамыз). Ұрпақ үшін ұмытпайық. *Егемен Қазақстан*, 5.
- 5 Төлепбаев, Б., Төлепбаева, К. (2011). *Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаев – аса көрнекті мемлекеттік және саяси қайраткер*. Алматы.
- 6 Айтмағанбетов, Е. (2011). Көпке танымал көсем болған. *Ақиқат*, 8, 39-40.